

## Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруды бақылау тәртібі туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 28 қыркүйектегі N 284-ө  
Өкімі

1. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері:  
бюджеттік қаражат есебінен жүзеге асырылатын тұрғын үй салуға арналған  
мердігерлік жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды өткізу кезінде конкурстық  
комиссиялардың құрамына облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті  
сәулет-құрылыс бақылау органдарының, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктердің  
ө к і л д е р і н е н г і з с і н ;

Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі жұмыстардың ай сайынғы  
м о н и т о р и н г і н жүзеге асырсын.

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс және тұрғын  
үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетіне ай сайын Мемлекеттік бағдарламаны  
іске асыру барысы туралы ақпарат берсін.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің 2006.11.08. N 317  
өкімімен.**

2 . а л ы н ы п т а с т а л д ы

**Ескерту. 2-тармақ алынып тасталды - ҚР Премьер-Министрінің 2006.11.08. N 317  
өкімімен.**

3. Мемлекеттік мекемелер - бюджет қаражаты есебінен салынатын тұрғын үй  
құрылысының тапсырысшылары мердігерлік (бас мердігерлік) ұйымдарға ақы төлеуді  
белгіленген тәртіппен және облыстық, Астана және Алматы қалаларының жергілікті  
сәулет-құрылыс бақылау органдары растаған орындалған жұмыстардың актісі негізінде  
ж ү р г і з с і н .

**Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің 2006.11.08. N 317  
өкімімен.**

4. Осы өкімнің орындалуын бақылау және іс-қимылды үйлестіру Қазақстан  
Республикасының Индустрия және сауда министрлігіне жүктелсін.

*Премьер-Министр*